



«Керемет» бастауыш мектеп- балабақша кешені

«Келісемін»



Оқу ісінң орынбасары: **А.М.Баймырзаева**

«Бекіттемін»



Мектеп директоры: **Р.Т.Кузнецова**



Танымдық сабақ

Тақырыбы: « Кітаптар еліне саяхат»

Кітапханашы: Нурмаханбетова М

Сыныбы:1-2- сыныптар

2021-2022 оқу жылы

Күні:31.01.2022 ж

Сыныбы:1-2 сыныптар

Тақырыбы: Кітапхана әлеміне саяхат.

Максаты мен міндеттері:

-оқушылардың анықтамалық құралдармен, кітапқа ұқыптылықпен, құрметпен қарауына әсер ету;

-білімге және кітап оқуға қызығушылығын арттыруға себеп болу;

-оқушылардың тез шешім қабылдап, тіл байлығын дамыту.

Көрнекілігі: «Мектебің-алтын бесігің» кітап көрмесі нақыл сөздер.

Сәлеметсіздерме құрметті оқушылар. Тарихи, мәдени, рухани құндылықтарымызды сақтайтын да оқырман қауымына жеткізетін ақпарат орталығы кітапханамызға қош келдіңіздер. Абай атамыз айтқандай «Ілім білімнің сарқылмас қазынасы» осы кітапта деген екен. Біз өмірге келгеннен бастап осы күнге дейінгі үш құндылығымызды білуіміз қажет балалар ол білім, ғылым және өнер. Ал осы құндылықтардың қыр-сырын түсінуге қол ұшын беретін әр түрлі жаңалықтар мен ақпараттандыратын орталық ол әрине кітапхана.Енді мен сіздермен кітапхананың ішін таныстырып өтейін.

Таныстырмас бұрын балалар шеңбер жасап барлығымыз бірі- бірімізге жақсы ниетпен көңіл көтеретін жақсы тілек айтайық.

Оқу залы: бұл жерде оқырмандар кітапханадағы үйге берілмейтін сирек кездесетін яғни жалғыз дана кітаптарды пайдаланады. Кейбір оқырмандар сабақтан тыс үй тапсырмаларын орындайды.Мына сөрелердегі әр түрлі тақырыптағы көрмелер. Бұл көрмелер айтулы күндерге байланысты өзгеріп отырады. Абонемент бөлімі. Абонементтен кітаптар он күнге беріледі. Ал енді балалар мен сендерден сұрайын.

Рәміздер дегеніміз не?

Біздің елбасымыз кім?

Кітап туралы не білесіңдер?

Кітап туралы сұрақтар қойылады.

Адамдар ең бірінші саз балшыққа, тасқа жазған одан кейін папирус жапырағына жазған . 15 ғасырда н баспа станогын ең алғаш Германияда Иоганн Гутенберг деген кісі ойлап тапқан.

Қазіргі кезде егеменді елміз ешкімге де тәуелді емеспіз заман талабына сай өзіміздеде әр түрлі кітап шығаратын баспалар бар. Атамұра, Кэмбридж, Назарбаев интеллектуалдық орталығы, Алматымектеп, Бөбек т.б баспалар жетіп артылады.

Сендер қандай ертегілер білесіңдер?

Енді мен сендерге жұмбақ жасырып көрейін балалар. Жұмбақтың тақырыбы мектеп, ұстаз, оқу құралдары, ғылым білім туралы болады.

1 Білімнің мол сый асы

Балғындардың ұясы. (Мектеп)

2 Білімнің дәнін тереді

Балаға тәлім береді (Ұстаз)

3 Ұшымен қазық, тор көзді жазық.

Үстінен өттім, Асыл сөз жазып. (дәптер)

- 4 Екі басты айдаһар, кара суды ішеді,
Қайта құсып, ақ жерге өрнектері түседі (қаламсап)
- 5 Ақ тақырда кара тұқым себілген,
Ол тұқымнан білім нәрі егілген (жазу)
- 6 Бір санға өсірді, өзі қалып орнында
Бізді алға көшірді (класс)
- 7 Теңіздей түбі терең
Сүнгіген жетер әрен (Білім)
- 8 Сандығым бар өзгеше
Қолыма алып жүремін.
Ішін ашып ақтарып,
Өмір сырын білемін (кітап)
- 9 Бір мақұлық бар тілі жоқ
Сөйлегенде міні жоқ (хат)
- 10 Жұқа тақтай бөлшегі
Ұзындықтың өлшемі (сызғыш)
- 11 Өзгені бақытты етемін деп
Өзі қажалып бітеді. (қарындаш)
- Ал балалар енді сендер не айтып бересіңдер маған? Қандай өнерлерін бар?
Кітапхана сендерге ұнадыма?
Кітапхана есігі сіздер үшін әрқашанда ашық балалар сабақтарыңды жақсы
оқындар. Сау болыңдар балалар.

